

ТҰСАУКЕСЕР

«Қазақ радиосының» іргетасы қаланғанына 100 жыл толып отыр. Айтулы мерейтой қарсаңында С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада «Қазақ радиосы – халықтың үні» атты жаңа кітаптың тұсаукесері өтті. Кітаптың авторы - ҚР Құрметті журналисі, «Құрмет» орденінің иегері Ғалия Балтабай.

Кітап авторының айтуынша, ғасырдан астам халыққа қызмет етіп, халықтың үніне құлақ түріп, мәдениетпен қатар әдебиетімізді дәріптеген радионың әр хабары тыңдарман жадында мәңгілікке сақтаулы.

- «Қазақ радиосының» өмірімде алар орны тым бөлек. Жас маман ретінде еңбек жолым радионың Алматыдағы студиясынан басталған еді. Міне, осы қара шаңырақта қызметке орналасуымның өзі журналист ретінде қалыптасуыма үлкен үлес қосты. Қазақ радиосы мен телевизиясында қатарынан жұмыс істеп, 36 жылымды арнаған екенмін. Сондықтан да, өзім түлеп ұшқан радио туралы жазбасам, айтпаған болсам, шығармашылығымға сын болар деп ой түйдім. «Қазақ радиосы - халықтың үні» атты кітабымды 2 ай көлемінде жазып шықтым, - дейді автор. Сондай-ақ, туындының жарыққа шығуына қолдау көрсеткен жандарға және кәсіпкер Асылбек Туғанбайға ерекше алғысын білдірді.

Кітаптың тұсаукесер кешіне ардагер кітапханашы Назым Шәйкенова қатысып, Ғалия Құсайынқызымен бірге жұмыс істеген кезеңдерді баяндады.

«Қазақ радиосы – халықтың үні»



- Біз Ғалия Құсайынқызымен көп жылдар бойы бірлесе жұмыс істеп, тығыз байланыста болдық. Облыстық кітапхананың төрінде талай кітаптың тұсаукесерін ұйымдастырдық. Ол кісінің радиода, газетте, телевизияда атқарған жұмыстары нәтижесінде кітапханамызда болған әр шара жиі хабарланатын еді. Ал, оның жұмысқа деген адалдығы мен ұқыптылық қасиеті, мейірімділігі мен жан-жақтылығы болашақ мамандарға үлгі. Себебі, зейнет жасындағы Ғалия Құсайын-

қызының екі айдың ішінде «Қазақ радиосының» 100 жылдық тарихын жазып шығуы - нағыз ерлік, - дейді Н.Шәйкенова.

Жиынға зиялы қауым өкілдері, облыстық «Halyq radiosy»-ның ұжымы, кітапханашылар мен студенттер қатысты. Жиын барысында жаңа туындыға қатысты пікірлер айтылып, Ғалия Балтабайдың шығармашылығы туралы әңгіме өрбіді.

М.ТӨЛЕБАЙ.